

## «Күлтегі» шығармашылық бірлестігі

«Күлтегі» шығармашылық бірлестігі 2020/2021 оқу жылында Филология және көптілді білім беру институтының директоры Алуа Таңжарықованың тікелей қолдауымен құрылды. Институт ішінде бұл бірлестікті құрудағы мақсат – шығармашылық және белсенділік қабілеті жоғары өнерлі студенттердің тұлға болып қалыптасуы мен өзін-өзі жан-жақты дамытуына жол ашып, аталған бірлестіктің құрамына кіретін барлық үйірмелердің жұмысын бірізге келтіру. Бірлестіктің ішінде институт студенттерінен құрылған 6 клуб жұмыс жасайды. Олардың әр қайсысының жетекшілері мен жеке логотиптері бар.

Олар мына төмендегідей:



Аталған клубтардағы студенттердің қабілеті мен білімін шыңдау барысында институт директоры тікелей өз басшылығымен осы салалар бойынша елімізге танымал мықты мамандарды тартып, студенттерге 2 апталық онлайн-курстарын ұйымдастырды. Шеберлік курстарда студенттеріміз мол тәжірибе жинақтады. Соның нәтижесінде бірлестік студенттерімен бірлесе отырып көптеген іс-шараларды жүзеге асырды. Атап айтар болсақ, Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай «Жырлайды жүрек» әдеби-сазды кеші, № 2 Республикалық мамандандырылған Абай мектебінің оқушыларымен бірлесе өткізген «Ғаламтор тілі және сауаттылық мәселесі» тақырыбындағы дебат сайысы, клуб студенттерінің арасында ұйымдастырылған «Ыстық қайрат» поэзия сағаты, мұғалімдер күніне орай «Қалдырған ізің мәңгілік...» тақырыбындағы әдеби-сазды кеш. Алдағы уақытта бірлестік студенттермен осындай жұмыстарды жүйелі түрде жүргізетін болады.